

## ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(«Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» ескерткіштері негізінде)

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері арасындағы жалғастық генеологиялық, типологиялық, ареалдық, функционалдық аспектерде, жекелеген тілдердің, тілдік топтардың материалдары негізінде ХІХ ғ. бастап зерттеліп келеді.

Түпнұсқада сақталып бүгінгі күнге жеткен тарихи жазба мұраларымыз сирек те болса кездеседі. Солардың ішінде ортағасыр жазба әдеби тілінің ескерткіштері – ХҮІ ғасыр мұрасы «Шыңғыс-наме» және ХІХ ғасыр мұрасы «Тәварих-и мусикиун» трактаты болып есептеледі.

«Шыңғыс-наме» ескерткішін зерттеуде Қазақстан ғалымдарынан шығыстанушы В.П. Юдинның еңбегі ерекше. В.П. Юдинның зерттеуі негізінде Ю.Г. Баранова және М.Х. Әбусейітова қолжазбаның факсимиле, аударма және транскрипциясын алғаш рет 1992 жылы жариялады [1].

2004–2006 жж. арналған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама аясында Шығыстану институты Ұйғыртану орталығының лингвист-мамандары тарапынан «Шыңғыс-наме» ескерткішінің алғаш рет көрсеткіш-сөздігі түзіліп баспадан шықты [2].

«Шыңғыс-наме» ескерткіші тарихшы-ғалымдар зерттеулерінде біраз зерттелген болса, тілші мамандар тарапынан әлі зерттеу нысаны болмаған. Проза жанрында жазылған шығармалар мәтіні поэзия жанрында жазылған шығармалар мәтінінен тіл ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан «Шыңғыс-наме» ескерткіші ХҮІ ғасыр түркі тілінің, «Тәварих-и мусикиун» трактаты ХІХ ғасыр ұйғыр тілінің проза жанрында жазылған шығарма ретінде тіл білімінде жан-жақты зерттеуді талап етеді. Осы мақсатқа орай төменде «Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» ескерткіштерінің тіліндегі зат есімдердің грамматикалық категорияларының кейбір ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Бұл ескерткіштер тілі орта ғасырлардағы жазба тіл мен қазіргі түркі тілдерін байланыстыратын маңызды саты болып табылады. Ескерткіштердің нақты морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу ескі түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің тарихи байланысының қалыптасу, даму барысын анықтауда маңызы зор.

«Шыңғыс-наме» ескерткіші тілінде зат есімдердің көптік категориясы **-лар, -ләр** жалғауларының көмегімен жасалады: Мысалы, Йәнә он йеті оғул өзгә *зәйфәләріндін* болуб әрді. Сізләрнің *аталарыңызға* теләгән һәм салмады. Бір бөләк *марал-кейікләр* йолуқды.

Ескі түркі тілінде көптік тұлғасы **-ан** қосымшасы арқылы жасалатыны аталады. Бұл аффикс *оғул* және *әр* сөздеріне жалғанған: *оғул* – ұл, *оғлан* – балалар; *әр* – ер адам, *әрән* – ерлер. «Шыңғыс-

наме» тілінде *огул* және *оглан* тұлғаларының екеуі де кездеседі. Бірақ мұнда **-ан** қосымшасы өзінің көптік мағынасын жоғалтып, сөзге әлеуметтік мән үстемелейтін сөзжасам жұрнақтары қатарына өтеді. *Оглан* сөзі **-лар** жалғауының көмегімен көптік сипатқа ие болады: Мысалы, Әмма Йожы-хан барча *огланларындын* улуғрақ әрді. Үч йәрдә Шәйбан-хан *огланлары* Тохтамыш-хан білә Темүр-Қутлы вә Урус-хан *огланларыгә* фәхр қылыб мақтанурлар... .

*Огул* және *оглан* сөздерінің қолданысында да өзгешелік бар. *Огул* сөзіне кейде **-лар** жалғауы жалғанбайды, оған көптік мағына сан есімдердің көмегі арқылы үстемеленеді. Мысалы: Бір анадан туған *екі огул* вә өзгә анадын туған *он йеті огул* барчасы қошулуб Улуғ-хан көрүнүшігә бардылар.

**-лар** аффиксы «ұлдар» мағынасындағы да, «жауынгерлер» мағынасындағы да *оглан* сөзіне жалғанады: Ол кім Сайын-хан *огланлары* Бердібек-хандә тәмам болды ерсә, Жанбек-ханның анасы Тай-Дуалы-бегім: Әмді йурыт тәқы ханлық Шәйбан-хан *огланларыгә* тегәр... және т.б.

«Тәварих-и мусикиунда» зат есімдердің көптік категориясы морфологиялық синтаксистік, лексикалық сияқты үш түрлі тәсілмен жасалады және кейбір сөздер көптік мағынада қолданылады. «Тәварих-и мусикиун» ескерткішінің тілі зат есімнің көптелу категориясы жағынан қазіргі ұйғыр тілінен төмендегідей ерекшеленеді. Зат есімнің көптік жалғаулары **-лар**, **-ләр** жалғанған тұлғалары тәуелдік тұлғасын алғанда жеке тұлғаның сыпайы түрі ретінде қолданылады. Мысалы: Мәликә, Аманнисахеним сұлтан Абдурешитхан падишаһнің *зәвжалари* ирди.

«Тәварих-и мусикиунда» кездесетін араб-парсы тілдерінен енген кейбір зат есімдер сол тілдерден өзінің негізгі көптік мағынасында қолданылады. Мысалы: *ақабир*, *тәварих*, *әшғар*, *күтүб*, *әсрар* т.б. Ескерткіште кейде арабша немесе парсыша көптік тұлғалардың үстіне қазіргі ұйғыр тіліне тән көптік жалғаулары (**-лар//ләр**) үстемеленіп жалғанғаны көрініс береді. Мысалы: Хас алим мусики устазлиридин... әмир Низамиддин Әлишир Нәвайи муршидимнің бу фән һәққидә пүткан *күтүб-рәсәйилларидин* бәһриманд болдум т.б.

«Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиунда» тәуелдік жалғаулары жекеше және көптік тұлғада кездеседі. Бұл ескерткіштердегі тәуелдік жалғауларында палаталь-веляр гармония, еріндік үндестігінің әсері анық сезіліп тұрады. Жекеше және көптік тұлғалар сөз түбірінің сипатына немесе дауысты, дауыссыз дыбыстармен аяқталуына қатысты болып келеді:

«Шыңғыс-наме» тілінде тәуелдік мынадай жалғаулардың көмегімен жасалады:

I жақ (жекеше түрі) **-(і)м, -ым, -үм, -ум;** (көпше түрі) **-іміз, -мыз.**

II жақ (жекеше түрі) **-ің, -ың;** (көпше түрі) **-іңіз, -ыңыз, -үңіз.**

III жақ (жекеше түрі) **-і, -ы, -сі, -сы;** (көпше түрі) **-і, -ы, -лары, -ләрі**

*Атам* орунға ағам сән. Әмма *атамыз* сені бісйар сүйіп әрді. Сенің *ханлығыңгә* мән чыдармән. Әмма *менің ханлығымгә* сән чыдымассән. ... тәб *ағасыга* көп тәкліф қылды. Мән һәм *сөзүмні* әрз қылайын... сіз һәм *сөзүңізні* әрз қылыңыз. ...Улуғ-хан көрүнүшігә бардылар. ... *огланлары* дур, теб екі бағлығ әлні бізгә бәрді және т.б.

«Тәварих-и мусикиунда» тәуелдік жалғауларының төмендегі түрлері қолданылған. Жекеше және көптік тұлғалар сөз түбірінің сипатына немесе дауысты, дауыссыз дыбыстармен аяқталуына қатысты болып келеді:

I жақ (жекеше түрі) **-м, -им, -үм, -ум;** (көпше түрі) **-миз, -имиз.**

II жақ (жекеше түрі) **-иң, -уң;** (сыпайы түрі) **-иңиз;** (көпше түрі) кездеспейді.

III жақ (жекеше түрі) **-и, -си;** (көпше түрі) **-и, -лари, -ләри**

«Тәварих-и мусикиунда» зат есімдердің тәуелдік категориясында I жақ көптік жалғауы езулік **-миз, -имиз** тұлғасында ғана кездеседі. Ескі ұйғыр тілінде жазылған басқа ескерткіштерде көп қолданылатын I жақ көпше түрінің **-биз** тұлғасы «Тәварих-и мусикиун» тілінде мүлде қолданылмайды. II жақ жекеше тұлғасы қазіргі тіліміздегідей II жақ жекеше тұлға зат есімдерге **-иң, -уң, -үң** жалғауларының жалғануы арқылы, II жақтың сыпайы тұлғасы зат есімге **-иңиз** жалғауының қосылуы арқылы жасалады. Ескі ұйғыр тілінде зат есімдердің II жақ көпше түрі **-иңиз, -уңиз, -үңиз** жалғаулары арқылы жасалған болса, қазіргі ұйғыр тілінде II жақ көпше **-иңлар** (варианттарымен) жалғауы арқылы өрнектеледі.

Ескерткіште ескі ұйғыр тіліндегідей тәуелдіктің III жақ **-и, -си** жекеше тұлғасы мен III жақтың **-лари, -ләри** көпше тұлғасы қолданылады. Қазіргі ұйғыр тілінде тәуелдіктің III жағы жекеше және көпше түрі үшін **-и, -си** жұмсалады.

Түркілік септік жүйесі қазіргі кезде талас тудырып отырған өзекті мәселелер қатарына жатады, сондықтан да оған айрықша мән берілуде. Қазіргі түркі тілдерінде септеу парадигмасы біркелкі емес. Мысалы, қазақ тілінде 7 септік, өзбек тілінде 6 септік, татар тілінде 10 септік бар.

Жазба ескерткіштерде көрініс тапқан көне түркілік септеу жүйесінде зерттеушілер 9 септік бар екенін айтады. Шағатай тіліне қатысты ғылыми еңбектерде септіктер жөнінде түрлі пікірлер айтылды. Түркітанушы А.М. Щербак көне өзбек тілінде жеті септік бар десе [3, 100-110 бб.], Хәмит Төмүр мен Абдуруп Полаттар ескі ұйғыр тілінде 11 септік бар екенін айтады [4, 25-31 бб.]. Түрколог Я. Екмманн шағатай тілінде тоғыз септік бар деп есептейді [5].

Ескерткіштер тіліндегі септік категориялары басқа дәуірлерге тән жазба ескерткіштерден және қазіргі ұйғыр тіліндегі септік категорияларынан мағыналары, грамматикалық қызметі бойынша көп ерекшеленбейді.

Ескерткіштер тілінде септік жалғаулары дыбыстар үндестігіне бағынып та, бағынбай да қолданылғаны байқалады. Сондай-ақ ерін үндестігіне, қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстардың байланысына көңіл бөлінбейді.

«Шыңғыс-наме» ескерткіші тілінде жалпы қабылданған алты септіктік парадигманың сыртында септіктің ұқсату тұлғалары, сонымен қатар орын және нышан-белгі септіктері бар.

«Төварих-и мусикиун» тілінде зат есімдердің 10 септігі бар.

**Атау септік.** Атау септігінің морфологиялық көрсеткіші болмайды. Басқа септік формаларын жасау үшін негіз қызметін атқарады. Ескерткіштердегі атау септік қазіргі ұйғыр тіліндегімен бірдей болып келеді. Мысалы: Сурнайни... *Әрдишир* атлиғ бир киши кәшф қилди.

**Ілік септік.** «Шыңғыс-намеде» ілік септігі **-ның, -нің, -нун** жалғаулары арқылы жасалады: Мамайның ләшкәрі, мунуң сөзігә кіріб, ләшкәрнің оңы-соңы йетүшді.

«Төварих-и мусикиун» ескерткішінде қазіргі ұйғыр тіліндегі ілік септігінің **-нің** жалғауы қолданылады. Ілік септік жалғауының **мән, сән** сияқты жіктеу есімдіктерге жалғанғанда қосымша құрамындағы **[н]** дыбысы түсіп қалады. Мысалы: Нәфиси *мениң* тәхәллусум. *Әбятлар сениң* һәмидинда эшъарлар һәбибиң нәъйитида язғаймән.

Ілік септігінің Орхон жазба ескерткіштері тілінде және ескі ұйғыр тілінде көп қолданылған **-ың, -иң** тұлғасы «Төварих-и мусикиунда» және «Шыңғыс-намеде» кездеспейді.

**Табыс септік.** «Шыңғыс-намеде» табыс септігінің **-ны, -ні** жалғаулары орын алады: *сөзүмні* әрз қылмайын, *Хызыр-ханны* ... хан қылды.

«Төварих-и мусикиун» тілінде табыс септігінің **-ни** жалғауы жиі қолданылады. Мысалы: Бу *гәзални* қәйәрдин өргүнүп ирдиңиз. Ескерткіште кейде табыс септік III жақ тәуелдік жалғауынан кейін **-н** қосымшасын қабылдайды. Табыс септігінің бұл формасы **-ни** қосымшасы сияқты поэзия тіліне де, проза тіліне де тән болып келеді. Мысалы: ... бағрим қара *қанни* сия қилип эзғаймән... . «Төварих-и мусикиун» тілінде орта ғасыр ескерткіштер тілінде өнімді жұмсалған табыс септігінің **-и** қосымшасы мүлдем кездеспейді.

Шағатай дәуіріндегі ескерткіштер тілінде табыс септігі жинақталып, бірізділікке түскені байқалады, оларда табыстың **-ны, -ні, -ни** жалғауынан басқа көрсеткіштері кездеспейді

Ескі ұйғыр тіліндегі ескерткіштерге тән ілік пен табыс септігіне ортақ **-ни** жалғауы «Төварих-и мусикиун» тілінде функционалдық және грамматикалық сараланғандығы байқалады, яғни ілік септік үшін **-нің**, табыс септік үшін **-ни** жалғауы қолданылады. Табыс септікте тәуелдіктің III жағынан кейін **-н** қосымшасы жалғанады.

**Барыс септік.** «Шыңғыс-намеде» бағытты білдіретін барыс септігі **-ғә, -ға** қосымшалары көмегімен жасалады: Қыйат Ысатайғә ... бәрді. Қашанәсіғә таш кірпіч қойғандә. Әлні бізгә бәрді.

«Төварих-и мусикиун» ескерткіші тілінде барыс септік **-ға, -гә, -ғә, -қа, -кә, -қә** жалғаулары арқылы беріледі. Барыс септігінің жалғауы «Төварих-и мусикиунда» сөздің жуан және жіңішкелігі ескерілместен, буынды талғап та, талғамай да жалғанады. Мәселен: **-ға** варианты дауысты немесе ұяң дауыссыз дыбысқа аяқталған жуан сөздерге жалғанады (Мысалы, *йолға, абадига, дуняға*), **-қа** варианты қатаң дауыссызбен аяқталған жуан сөздерге жалғанады (Мысалы, *яшқа*) яғни негізінен фонетикалық заңдылықтарды сақтайды.

Ескерткіште барыс септігінің **-ға, -гә, -қа, -кә** жалғауларының орнына ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған **-ғә** жалғауы ғана қолданылады. Мәселен, қатаң дауыссызбен аяқталған бірқатар сөздерге **-ғә** варианты жалғанады. Мысалы: *сандуқғә, Таримғә, шеиримғә* т.б.. Кейбір сөздерде **-қа** вариантының орнына **-қә** варианты қолданылады. Мысалы: *достлуққә, иқапқә, яшқә*. Қатаң

дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздерге ұяң дауыссыз дыбыспен басталған жалғаулар жалғанғаны да орын алады. Мысалы: *фәзиләтгә, бекгә, хотәнликгә* т.б. Барыс септігінің мұндай қолданысы Орхон-Енисей ескерткіштеріне де тән. Енисей мәтіндері және ежелгі ұйғыр тілі ескерткіштерінде - «Қутадғу билик» және «Дивану лугәт-ат түркте» жуан түбірлі сөздерге барыс септігінің **-қа** варианты жалғануы да, **-ға** вариантының жалғануы да кездеседі. Орхон ескерткіштерінің мәтіндерінде осындай сөздерге тек **-қа** варианты жалғанғаны мәлім [6, 12-13 бб.; 7, 149-150 бб.].

«Тәварих-и мусикиун» тілінде сингармонизм заңына бағынған сөздер де баршылық. Мысалы: *мәликәгә, мусибәткә, яшқа* т.б.

Орхон-Енисей, ежелгі ұйғыр тілі ескерткіштерінде «Қутадғу билик», «Дивану лугәт-ит түрк», «Һибәт-ул һәкайиқ», «Гүлистан», «Кисекбаш кітабы» [8, 108 б.] және ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған барыс септігінің **-а**, **-ә** қосымшалары «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді.

«Шыңғыс-намеде» және «Тәварих-и мусикиун» тілінде **-ға**, **-қа**, **-гә**, **-кә** барыс септік жалғауы **мән**, **сән**, **у** жіктеу есімдіктерінен кейін келсе, *маңа*, *саңа*, *аңа* тұлғасы пайда болады, сөз фонетикалық өзгеріске – диссимиляцияға ұшырайды. Мысалы: *Маңа* нә охшар. Сәнсэн *мәңа* фәрядирәс.

**Шығыс септік.** Ескерткіштерде шығыс септігінің тек ұяң [д] дауыссыз дыбысымен басталған варианттары ғана қолданылады. «Шыңғыс-намеде» шығыс септігі **-дын**, **-дін** жалғауы қолданылған. Мысалы, *Мәсжиддін* йәнә өйгә бармады. *Біздің* бір мәғләт ... ішітді. ... тәб *тәнурдін* чықды. *Андын соң* йәнә сөһбәт дәркәрд болды. Бәрдібәг-ханның *падишалықыдын* үч йыл өтді. «Тәварих-и мусикиунда» шығыс септігінің **-дин** варианты ғана келеді. Мысалы, Бу әзиз шубу *Моғустандин* ирдиләр. ...илим өрганишдин номус қилма *илмисизлиқдин* номус қил. Султан *Мәһмуддин* сордики, чәмбүр челип бәргәй. Мисирға берип *каһнардин* илми каһанәт билан үч кисим хәт өрганди.

«Тәварих-и мусикиунда» шығыс септігінің қатаң дауыссыз дыбыспен басталатын **-тин** варианты қолданылмайды. Сондықтан қатаң дауыссыз дыбыстармен аяқталған сөздерге де **-дин** жалғанады. Негізінен ескерткіш тілінде шығыс септігі қосымшаларын қолдануда дыбыс үндестігі сақталмаған деуге болады. Мысалы: *Ирақдин, гунәһдин, тилсизлиқдин* т.б. «Тәварих-и мусикиунда» ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған шығыс септік жалғауы III жақ тәуелдік тұлғасындағы сөздерден кейін жалғанатын **-ндин** жалғауы мүлдем кездеспейді.

**Жатыс септік.** «Шыңғыс-намеде» жатыс септігінің **-дә** морфологиялық тұлғасы негізінен посесивті **-ындә**, **-індә** көрсеткіштері құрамында көрініс береді. ... күзнүң *башында* хан хәстә болды. Орда *ічіндә* кі өтәк күйін қобсай башласа... Сарай *вілайәтіндә* хан қылды.

«Тәварих-и мусикиун» ескерткішінде жатыс септік сөз түбірінің жуан-жінішке қасиетіне қарай **-да**, **-дә**, **-гә** жалғауларымен беріледі. Мысалы: *барғаныда, динидә, шәриәттә* т.б. Дегенмен жатыс септікке қатысты ескерткіштің өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Жатыс септік жалғауларында, жалпы алғанда, дыбыс үндестігі сақталғанымен, септіктің қолданылуында дыбыс ассимиляциясына тән фонетикалық талаптарға сай келмейтін тұстар да орын алады. Мәселен, «Тәварих-и мусикиунда» қатаң дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздерге ұяң **-да**, **-дә** варианты жалғанады. Мысалы: *алимліқда, туғутда, балағәттә* т.б. «Тәварих-и мусикиунда» қатаң дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздерге жатыс септіктің қатаң дауыссыз дыбыстағы **-тә** варианты [т] дыбысымен аяқталған *һәйрәттә* және *шәриәттә* деген сөздерге ғана жалғанады. Кейде бір түбір үшін бұл септіктің жуан варианты да (**-да**), жінішке варианты да (**-дә**) қолданылған: *ишқидә//ишқидә, чәмәндә//чәмәнида, кітабида//кітаплардә* т. б.

**Орын-белгі септігі.** «Шыңғыс-наме» ескерткіші тілінде орын-белгі септігі **-дақы**, **-дәкі** жалғаулары арқылы жасалған. Мысалы, Тәбә *башындақы* бір кішідін. Ол тебәдәкі кіші. Қасындақы чөрәләрі. *Йақындақы* әлләр. Теңіз-Буганың *ишкіндәкі*. «Тәварих-и мусикиунда» орын-белгі септігі ескі ұйғыр тіліндегі **-дағы**, **-дақы**, **-дәки** тұлғасында өрнектелмей, қазіргі ұйғыр тіліндегідей **-дики** жалғауы арқылы беріледі. Бұл тұлға сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып, анықталушы сөздің орын жағынан белгісін білдіреді. Мысалы: һәр кичә кирип истиқамәт қилған *Һиһмәти Абәддики* лүһәдларигә тарихнің сәккиз йүз тоқсан тоққузидә дәфн қилиндиляр.

**Ұқсату септігі.** Бұл септіктегі зат есімдер сөйлемде **-дәк**, **-тәк** аффикстері арқылы беріледі. Бұл жалғау теңеу жасауда жиі қолданылады. Мысалы: Бейік *тебәдәк*. Алимліқда һәзрәти Әбу Нәсир *Фарабидек*, һәкимліқда һәзрәти *Ибни Синадек*, шаирліқта һәзрәти *Нәвайидек*, муғәнниліқта тәхи *Қидирихандек* ирдиләр. Ескерткіште басқа септіктер сияқты ұқсату септігі де кей жағдайда түсіп

қалады: ... ғәрип-йитимлар атаси, фуқира мискинләр рәһнәмәси, *Жәмшид сәвләт, Суләйман дәвләт, йолбарс хәшм, Искәндәр һәшм...* шаһи Хотән Әлишир һеким бегим.

**Шектеу септігі.** Ескі ұйғыр тілінде шектеу септігі **-ғәчә, -кәчә, -гәчә, -кәчә** аффикстері арқылы берілсе, «Тәварих-и мусикиунда» **-ғәчә** варианты және қазіргі ұйғыр тіліндегі **-ғичә** варианты қолданылады. Мысалы: Бу әзизни падишадин *ғудағәчә*, әвлиядин *тәрсағәчә* дост тутмайдурған киши йоқ ирди. Өзһал муқамики, әлһал барчә муғәнниларғә мәълумдур, биринжи, иккинжи, үчүнжи *мәргәләларигичә* кәшф қилған ирдилар.

**Көмектес септігі.** Түркі тілдер дамуының кейінгі дәуірлерінде, әсіресе XV ғасырдан бастап көмектес септігі грамматикалық қасиетін жоғалтып, септік категориясы ретінде қолданыстан шыққан [9, 61 б.]. Сондықтан **-н, -ын, -ун, -үн** жалғауларымен берілген көмектес септік тұлғасы «Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» тілінде байқалмайды. Ежелгі ұйғыр тілі дәуірінде жиі қолданылған бұл жалғау «Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» жазылған дәуірге келгенде аналитикалық формаларға ауысқан. «Шыңғыс-намеде» бұл септік *«бірлә, бірлән, билән, билә»* сөздерімен, ал «Тәварих-и мусикиунда» бұл септік *«билән»* септеулігінің көмегімен жасалады. Мысалы: ... ханаданның ниймәті *бірлә* фәрфәрдә болуб тіләр әрдім кі... . . . Пәһливан Мухәммәд Көштингир *билән* һәмсәһбәттә болдум.

«Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» ескерткіштерінің морфологиясын қазіргі ұйғыр тілімен сабақтастықта қарастырудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады:

– «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші тіліндегі көптік, тәуелдік, септік категорияларының саралануына байланысты сапалық өзгерістер – ескі ұйғыр жазба тілі мен қазіргі ұйғыр әдеби тілі аралық, өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшеліктерінің көрсеткіштері.

Ескі ұйғыр жазба әдеби тіліне тән грамматикалық, көне (архаикалық) формалар Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» және Исматулла Мөжизидың «Тәварих-и мусикиун» трактатында көп кездескенімен, ол негізінен жалпыхалықтық тілге негізделген. Жазба ескерткіштердің тілі, жалпы алғанда, шағатай дәуірінің және одан кейінгі классикалық жазба әдеби тілдің морфологиялық ерекшеліктерін сақтаған. Алайда бірқатар грамматикалық көрсеткіштер азын-аулақ өзгерістерге ұшыраса, енді бірқатары жаңа сапалық өзгерістерге түскен. Бұл ескерткіштер тілінде, сондай-ақ үндестік заңының сақталуында бірізділіктің жоқ екені байқалады.

Бұл жалпыхалықтық тіл XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың бас кезінде ескі ұйғыр әдеби мұралар тілінің дәстүрінен біртіндеп қол үзіп, қазіргі сөйлеу тіліне бет алғанын Исматулла Мөжизидың «Тәварих-и мусикиун» трактат тілінен анық көруге болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Утемиш-хаджи*. Чингиз наме (Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Подготовила к изданию Ю.Г. Баранова. Комментарии и указатели М.Х. Абусейтовой. Алма-Ата, 1992.
2. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. III том. Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі» тілінің көрсеткіш-сөздігі. Алматы, Дайк-Пресс, 2006. –304 б.
3. *Шербак А.М.* Грамматика староузбекского языка. – М.–Л., 1962. – 276 с.
4. *Хәмит Төмүр, Абдурұп Полат.* Чағатай тили. – Қәшқәр уйғур нәшрияти, 1987. –430 б.
5. *Janos Eckmann.* Çağatayca el kitabı. – Istanbul, 1988. – 290 с.
6. *Кондратьев В.Г.* Очерки грамматики древнетюркского языка. – Л., 1970. – 270 с.
7. *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата, 1971.
8. *Наджит Э.Н.* Тюркоязычный памятник XI века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Часть I. – Алма-Ата, 1975. – 210 с.
9. *Абдурахмонов Ф., Шукуров Ш.* Узбек тилининг тарихий грамматикаси. – Тошкент, 1973. – 452 б.

#### EDEBIETTER

1. *Utemis-haji*. Chingiz name (faksimile, perevod, transkripsiya, tekstologicheskie primechaniya), issledovanie V.P. Yudina. Podgotovila k izdaniyu. Yu.G. Baranova. Kommentarii i ukazateli M.Kh. Abuseitovoy. Alma-Ata, 1992.
2. Kazakistan tarikhi turali turki derektemeleri. III tom. Utemis-hajinin «Chingiz-namesi» tilinin korsetkish-sozdigi. Almaty, «Dayk-Press», 2006. –304 b.
3. *Sherbak A.M.* Grammatika starouzbekskogo yazika. – M.–L., 1962. – 276 s.
4. *Hamit Tomur, Abdurup Polat.* Chagatay tili. – Kashgar uygur nashriyati, 1987. –430 b.
5. *Janos Eckmann.* Çağatayca el kitabı. – Istanbul, 1988. – 290 s.
6. *Kondratev V.G.* Ocherki grammatiki drevneturkskogo yazika. – L., 1970. – 270 s.
7. *Aydarov G.* Yazik orkhonskih pamyatnikov drevneturkskoy pismennosti VIII veka. – Alma-Ata, 1971.

8. Nadjip E.N. Turkoyazichniy pamyatnik XIV veka «Gulistan» Seyfa Sarai i ego yazik. Chast I. – Alma-Ata, 1975. – 210 s.
9. Abdurahmanov G., Shukurov Sh. Uzbek tilining tarixiy grammatikasi. – Toshkent, 1973. – 452 b.

### Резюме

#### Некоторые особенности грамматических категорий имен существительных в письменных памятниках (на материале «Чингиз-наме» и «Таварих-и Мусиқиун»)

Язык письменных памятников стал связующим звеном между языками средневековья и современным тюркским. Исследование конкретных морфологических особенностей памятников имеет большое значение в определении исторической взаимосвязи, формирования, процесса развития среднетюркского и современного тюркского языков. При сравнении языка памятников «Чингиз-наме» (XVI в.) и «Таварих-и мусиқиун» (XIX в.) с письменным средневековым и современным уйгурским языками, а также морфологических особенностей текстов памятников, выявляется преемственность между староуйгурским письменным литературным и современным уйгурским литературным языками. В статье также рассматриваются грамматические категории имен существительных языка памятников «Чингиз-наме» (XVI в.) и «Таварих-и мусиқиун» (XIX в.). В языке памятника «Чингиз-наме» большое место занимают особенности, присущие староуйгурскому языку. При рассмотрении грамматических категорий имен существительных «Таварих-и мусиқиун» определяется, что, начиная со второй половины XIX века, уйгурский язык, окончательно отрываясь от литературных традиций староуйгурского языка, переходит к сближению с современным разговорным уйгурским языком.

### Summary

Massimova Khalminam

#### SOME PARTICULARITIES ON GRAMMATIC CATEGORIES OF NOUNS IN WRITTEN MONUMENTS (BASED ON MATERIALS OF «CHINGIZ-KHANS» AND «TAWARIH-I MUSSIQIYUN»)

The language of written sources started linking medieval Turki and modern Turkic languages. Research of concrete morphological particularities of the monuments has great significance in determining historical interactions and formation of the development of medieval and modern Turkic languages. When comparing languages of monuments «Chingiz-name» (XVI c.) and «Tawarih-i musiqiyun» (XIX c.) with medieval and modern Uyghur languages, including morphological particularities of the texts of the monuments, we can reveal continuity between Old Uyghur literary language and modern Uyghur language. The article examines languages of the monuments «Chingiz-name» (XVI c.) and «Tawarih-i musiqiyun» (XIX c.). The language of «Chingiz-name» exposes particularities typical to Old Uyghur language. Research on grammatical categories of Nouns in «Tawarih-i musiqiyun» shows that starting from the second half of the XIX century transformation from literary traditions of Old Uyghur language to the norms of the modern Uyghur language occurs.